

Р.М. Жумашев, Ш.А. Садвокасов*

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан
(E-mail: zhumashev_rymbek@mail.ru; Shah_95.06@mail.ru)

Қазақстан Республикасында исламның қайта жандану тарихы

Биыл Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 31 жыл толды. Бұған дейін мемлекетіміз 70 жыл бойы кеңес үкіметінің боданы болып, оның астарлы саясатының құрбанына айналған елдердің бірі еді. Сол саясаттың әсерінен зардап шеккен салалардың бірі — дін саласы, яғни ислам діні. Дінсіздікті уағыздаған кеңес үкіметінің әсерінен біздің елдің территориясында діни сауатсыздық қалыптасты. Тәуелсіздік алған жылдан бастап елде исламның қайта жандану процесі жүрді. Еліміздің зайырлы болғанына қарамастан, ислам дінін ұстанушылар саны және діннің рөлі күннен-күнге артуда. Авторлар мақалада мемлекетіміздегі, яғни 1991 жылдан бергі исламның қайта жандану тарихын қарастырған.

Кілт сөздер: Қазақстан Республикасы, ислам, исламның қайта жандануы, зайырлы мемлекет, дін, діни саясат, күнделікті қолданыс формалары.

Кіріспе

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының халқының діни қалпы әр түрлілігімен ерекшеленеді, бірақ ең кең таралғаны біреу ғана — ол ислам. Ислам жалпы алғанда Қазақстан халқының арасында кең таралған діндердің бірі. 2009 жылғы санақ қорытындысы бойынша барлық халық санының 70,19 % осы дінді ұстанады. Ал осы діннің таралуының тарихына бір көз жүгіртсек, Орта Азия мен Қазақстан аумағында исламның пайда болу тарихы VII ғасырдың екінші жартысынан басталады (Омейядтың алғашқы халифы Муавия ибн Абу Суфиянның билігі кезінде). Оның Қазақстанда қалыптасу процесі ұзақ және күрделі болды, сонымен қатар бірнеше ғасырларға созылды. Мұсылмандық дін сол уақыттан бері шын мәнінде қазақтардың жалғыз дініне айналса да, ол айқын көрінген ортодоксалды сипат алған жоқ. Қазіргі Қазақстан аумағына исламның енуі оңтүстік аймақтардан бастап бірнеше ғасырларға созылды. Бастапқыда ислам X ғасырдың аяғында Жетісу мен Сырдарияның отырықшы тұрғындарының арасында орныққан болатын, кейін Қазақстанның басқа да аймақтарына тарала бастады. Кейіннен Қыпшақтар, Алтын Орда, Ақ Орда және Қазақ хандығында исламның рөлі басым болды, алайда сол кездегі бабаларымыз оны өздерінің «бұрынғы діндерін» ұмытпай, күнделікті өмірде діни «синкретизм» түрінде исламды қабылдады.

Алайда исламның қазақ жеріне ену процесі ұзаққа созылғаны белгілі. Әсіресе көшпелі халықтардың ішінде оның орныға бастауы бірнеше ғасырға барады. К. Хилленбрандтың айтуынша, Алтын Орданың ханы — Берке хан мен Египеттің атақты сұлтаны, шыққан тегі қыпшақ — Бейбарыс сұлтандардың уақыты исламды қабылдаған түркі-көшпелілердің алғашқы легі деп мәлімет келтіреді [1, 240]. Яғни, елімізде исламның ерте енуіне қарамастан, оның таралуы мен ұзаққа созылғанын көреміз. Жоғарыда келтірілген дерекке сәйкес исламизация процесі XIII ғасырдың өзінде әлі аяқталмағанын көріп отырмыз.

XVIII-XX ғасырлар аралығында Орталық Азия, соның ішінде Қазақстан діни тұрғыда көптеген өзгерістерді бастан кешірді. Соның ішінде ең ірі өзгеріс — XX ғасырдағы кеңес үкіметінің антидіни саясаты болды. Кеңес үкіметі діни сананың таралуына, кеңестік үлгідегі «ұлттық мәдениетті» қалыптастыруға, киноиндустрия және т.б. салаларға кең көлемде қаржы бөліп, «советтік модернизация» жобасын жүзеге асыра бастады [2, 13].

Кеңес дәуірінде — дін ұлттық болмыстың барлық салаларынан қуылды; Қазақстан тарихындағы исламның ғылыми проблемасына қатысты идеологиялық тыйым салынды. Исламның іздері, араб-парсы факторының әсері, әдеби мұра, фольклор, тарихи-этнографиялық мұра мәтіндерінен алынып тасталды. Кеңестік Қазақстанның ресми тарих ғылымында көшпелі қазақтар арасында «діни синкретизм» және «жаман» және «теріс» ислам туралы тезис басым болды. Сонымен қатар, мұсылмандық «таптық элитаның» діні деп саналды (хандар мен қожалар), ал шаманизм «халықтық сенім» болып қала берді. Мұның бәрі біржақты ақпарат негізінде мұсылмандық наным-сенімдердің біржақты шы-

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: Shah_95.06@mail.ru

ғуына әкелді. Негізінен саяси өзгерістер мен индустриализация жергілікті халықтың өз діндерін «тарихи қоқысқа» лақтырып жібереді деген болжам күтілді.

Ғылымның деидеологизациясына ықпал еткен Тәуелсіздік жылдарында бұл дін кешенді түрде түбегейлі қайта қарастырылды. Алайда, қазіргі реисламизация мен кеңестік кезеңдегі атеизация арасындағы түсінікті болған зат — исламның әлі болса халық арасында қалуы және толығымен атеизацияның болмауы. Исламның қайта жаңғыруына алып келген тарихи сәт Горбачевтың «қайта құру» саясаты, сондықтан да осы кезеңді реисламизацияның басы деп есептеуімізге де болады.

КСРО-ның ыдырауы және посткеңестік кеңістіктегі әлемдік діндердің, оның ішінде исламның қайта өрлеуі — осы діннің зерттелуіне, қызығушылықтың өсуіне бұрын-соңды болмаған серпін берді. Коммунистік идеологияның құлдырауынан туындаған жаңа қоғамдық-саяси және әлеуметтік-мәдени шындықтардың қалыптасуы және КСРО-ның ыдырауы ұлттық сана-сезімнің өсуіне және рухани бағдарлардың өзгеруіне әкелді. Бұл посткеңестік қоғамда ТМД азаматтары діни құндылықтар мен дәстүрлерге жаппай қайтып келу үлгісімен расталады. Осы процесс Қазақстанға да әсер етті. Коммунистік идеологияның жоғалуы және қазақстандық қоғамда атеистік қағидаттардың сақталуы адамдарды адамгершілік және рухани вакуумда қалдырды. Этникалық сана-сезімдер мен құндылықтарды қайта бағалау, өрлеу басталды. Осыған орай, қысқа мерзімде мәдениет пен өмір салтының маңызды элементіне айналған діни идеологияның жандануы орын алды. Қазақстанның тәуелсіздік алуымен республиканың діни бірлестіктері өздерінің дамуы үшін қуатты серпін ала бастады.

Зерттеу әдістемесі

Мақаланы жазу барысында зерттеу жұмысының жалпы және жеке ғылыми әдістері қолданылды. Тарихи-хронологиялық әдіс арқылы 1991 жылдан бері елімізде орын алған «исламның қайта жандану» үрдісін қарауға болады. Бұл әдістің аясында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік алған уақытынан бері орын алған ірі оқиғаларға қабылданған заңдар және реформалар осыған мысал бола алады және оқиғалар мен құбылыстарды қазіргі заманғы түсіну мен қабылдау тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, мақаланы жазу кезінде талдау, синтездеу, түсіндіру әдістері қолданылды. Түсіндіру әдістері арқылы қарастырылып отырған уақыт шеңберінде орын алған реисламизация процесі мен оның алдын алуға байланысты мемлекет тарапынан жасалған әрекеттер, қалыптасқан идеологиялық бағыттар мен елдің «зайырлылық» бағыты мен оның маңыздылығы қарастырылады.

Талдау

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап исламның әр түрлі бағытта таралуы айтарлықтай байқалды, кейбір зерттеушілер тіпті Қазақстанның этникалық картасымен параллель болды деп есептейді. Тарихи тұрғыдан алғанда, Қазақстанның батыс, орталық, шығыс және солтүстік-батыс өңірлерінің негізгі халқына — номадтық халық өкілдері кірген және бұл аймақтарға ислам кеш келді, тиісінше, бұл жергілікті халықтың салт-дәстүрінде де көрініс тапты. Оңтүстік өңірдің, атап айтқанда Алматы, Шымкент, Түркістан сияқты қалаларында және олардың аумағында ислам мен оның дәстүрлері тереңірек тараған. Оңтүстіктегі Алматы, Шымкент қалалары әлі күнге дейін діни маңыздылығын жоғалтпады, өйткені 1990 жылы мұсылмандардың Бірінші құрылтайы кезінде құрылған Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы, сонымен қатар ислам университеттері, ұйымдар, қорлар, медреселер — осы екі қаланың аумағында орналасқан. Қазіргі уақытта Түркістан облысында (*бұр. Оңтүстік Қазақстан облысы* – авт.) 827 діни бірлестік тіркелген және жұмыс істейді, оның ішінде 735-і — ислам дінінің бірлестіктері болып табылады.

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін, 1990 жылдарда діни тұрғыдан қайта өрлеу кезеңі басталды және оны билік қолдады, өйткені кеңес өкіметінің коммунистік идеология құлдырауымен дін бұл идеологиялық вакуумды толтыруға көмектесе алар еді. Исламнан басқа да діндер және діни ағымдар тәуелсіз елімізде тарала бастады. Оңтүстік Кореядан, АҚШ-тан, Үндістаннан келген діни миссионерлердің көші-қоны тәуелсіздік алғаннан бері тағы бір басталған процесс болды. Алайда, жергілікті тұрғындар арасындағы «халықаралық» діни ағымдардың (Иегова, Кришна және т.б. ізбасарлары) өкілдері халықты оларды осы дінге шақырды, алайда халықтың басым бөлігі өздерін мұсылмандыққа жатқызғандықтан, бұлар халықтың арасында аса танымал болмады. Дегенмен, бұл ұйымдардың үгіт-насихат деңгейі, атап айтқанда ағылшын тілін тегін үйрету, English-club-тар ұйымдастыру, жасөспірімдерге арналған лагерьлерді ұйымдастыру, тегін сабақтар өткізу, тегін түскі ас беру және т.б. ішаралар кезінде жақсы көрініс тапты.

Ислам әлемі елдерімен дипломатиялық қатынастар Қазақстан аумағына түрлі ағымдардың енуіне алып келді. 1992 жылы Қазақстан мен бірқатар Ислам мемлекеттерінің (Пәкістан, Ливия, Египет және т.б.) арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастар құрылғаны белгілі. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары байланыстарды жолға қою және дамыту сылтауымен шетелдік миссионерлердің қызметі жандана түсті. Миссионерлік миссиялар мемлекеттің әлсіз әлеуметтік жағдайын қолданып, елге сәтті еніп, өз қатарына жас қазақстандықтардың қатарын тартты. Олардың негізгі амалдарының бірі — қазақстандықтарды тегін оқытумен қамтамасыз ету болды. Кейбір студенттер Египетте, Ливияда, Сауд Арабиясында оқуға мүмкіндік алды, сонымен қатар Арабия, Пәкістан және Түркия елдерінде тегін оқыту нысанына ие болып жатты. Сол уақытта осы елдерде білім алған кейбір студенттер, әсіресе, Сауд Арабиясы мен Пәкістанда білім алғандар дінге белгілі бір фанатизм көзқарасымен қарады, рәсімдерді фанатикалық қатандықпен сақтады. Бұлардан біз ислам дінінің бізге тән ханафи мазхабы емес, басқа ағымдардың сол кездегі әсерін көре аламыз. Қазақстандағы қазақ халқы үшін дәстүрлі ханафи мектебіне (мазхабқа) қарағанда бірқатар дінтанушылардың пікірінше, бұлар ханбалит мазхабы, ваххабизм сияқты, діни экстремизм мен исламдық фундаментализм идеяларын жоққа шығармайтын және зайырлы билік пен діни сенім орнатуды құлатуға тырысатын діни ағымдар деп есептейді.

Елдегі исламның негізгі бағыты — ханафи мектебі, оның ізбасарлары байырғы қазақтар ғана емес, ұйғырлар, өзбектер және басқалары. Суннизмнің басқа жақтаушылары, бірақ шафиит мазхабын ұстанушылар — шешендер. Дегенмен, бұл мазхаб біздің елде ресми түрде тіркелмеген, соған қарамастан Алматыда 1998 жылдан бері жұмыс жасайтын осы бағыттағы мешіт бар. Түркістан облысының аумағында суфизмнің дамуы жалғасуда. Бұл ілімді ұстанушылар Х.А. Яссауиге табынады және Түркістанда орналасқан оның кесенесіне «қажылық» жасайды.

Ислам дінінің сыртқы факторлар арқылы таралуы — әлем елдерімен дипломатиялық байланыстарды орнату, оның ішінде араб әлемі елдерімен байланысты. Осының әсерінен Қазақстан миссионерлік қызметі бар елге айналды. Елде жаңа мазхаб — ханбалитты ұстанатын Пәкістаннан келген миссионерлер қауымдастығы 1994 жылы «Ахмадия» ұйымын құрды. К.Л. Шарифтің айтуынша, сол уақытта 400-ге жуық қазақстандық студент араб елдерінде жоғары білім алды, олардың 200-ден астамы Египетте, 59-ы Сауд Арабиясында, 60-тан астамы Пәкістанда және басқа елдерде. 2011 жылы мұндай студенттердің саны 500-ге жетті [3]. Қазір исламдық білім алғысы келетін студенттер санының күрт өсуіне байланысты отандық ислам дінінің дамуына баса назар аударылған. Университеттер тарапынан тегін білім алу үшін мемлекеттер гранттарды мақсатты түрде көбейтіп жатыр.

Осылайша, шетелдік миссионерлер жастарға материалдық тұрғыдан көмектесіп, жұмысқа орналастырады және жоғары білім алуға мүмкіндік береді, бұл білімге де, материалдық игілікке де мұқтаж жастардың арасында кең қолдау табуда. Жергілікті тұрғындар шеңберінен жаңа ізбасарларды тарту механизмінің өзі өте қарапайым және жақсы дамыған, олар этникалық тұрғындардан кадрлар даярлауға баса назар аударады. 1990 жылдардың басында елде миссионерлер үшін тұтастай алғанда қолайлы орта қалыптасты, бұл үш фактордан тұрды, біріншіден, миссионерлердің қызметі қандай да бір органдармен толық бақыланбады; екіншіден, жергілікті халықтың дінге деген қызығушылығының өсуі байқалды; үшіншіден, діни миссионерлер болашақ ізбасарларының қажеттіліктерін жақсы түсінді. Мемлекет тарапынан миссионерлікті ішінара елемей, сондай-ақ халықтың діни сауаттылығының төмен деңгейі көптеген тұрғындардың, соның ішінде жастар діни фанатизмнің ықпалына түсті, бұл үрдіс осы күнге дейін де байқалады.

ҚМДБ бұрынғы басшысы А.Б. Дербісәлінің пікірінше, 1992 жылғы қабылданған «Дін және діни сенім бостандығы туралы» Заңның кейбір кемшіліктері бар, оларды шетелдік миссионерлер де, террористер де және экстремистер қолайлы пайдаланады [4]. Қазақстан Республикасының Конституциясы азаматтардың сөз, ой және пікір білдіру бостандығына құқықтарына кепілдік береді, барлық діндер мен конфессияларға толерантты қатынасты айқындайды. Онда дінге төзімділік, теңдік және дін бостандығы туралы ережелер нақты жазылған. Толық заңнамалықты қамтамасыз ету үшін кейінірек «Діни сенім бостандығы мәселелері туралы» заңдар мен актілер қабылданды. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес: «Республика азаматына ар-ождан бостандығына, дініне, олардың кез келгенін мойындауға, дінге деген көзқарасқа байланысты нанымдар және оларға сәйкес әрекет етуге, өзінің құқығын өз бетінше анықтау құқығына кепілдік беріледі. Көріп отырғанымыздай, Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша дінге бостандық берілген және зайырлы мемлекет болғанымызға қарамастан, діни мәселеге тосқауылдың болмауы сол уақытта діннің, соның ішінде ислам дінінің халық арасында кең тарала бастауына ықпал ете бастады.

XX ғасырдың 90-шы жылдары ҚР Үкіметі жанындағы Дін істері жөніндегі кеңесті, ҚР Президенті Әкімшілігі жанындағы діни ұйымдармен байланыс жөніндегі кеңесті тарату, сондай-ақ діни ұйымдармен байланысты үйлестіру жөніндегі істерді министрлікке беру діни саясаттағы асығыс қадамдарға айналды. Жаңа тәуелсіз құқықтық мемлекет құру кезінде дінге қатысты саясат әрқашан айқын шекараларға ие бола бермейді. Сондықтан діни бірлестіктер қоғамның әртүрлі салаларына еніп, мемлекеттің діни ағартуға реакциясы толығымен айқын болмаған кезде діни ағартумен айналыса бастайды [5]. Өз кезегінде шекаралардың ашылуы және дінге қатысты либералды заңнаманың қабылдануы — діни өкілдердің алдында жаңа көкжиектер ашты, діни және жалған діни қауымдар мен бірлестіктердің еніп кетуіне септігін тигізді. Діни бірлестіктер мен қауымдардың көбісінің қуылғанына қарамастан, кейбірінің жұмысы әлі де болса жалғасуда. Олардың бірі мемлекет аумағында жергілікті халықтың дәстүрлеріне жат діни ағым бойынша заңды түрде жұмыс істеп, ал екіншісі өз сенімін заңды түрде насихаттау қызметтерімен айналысты.

Бүгінгі күні көптеген ұлттық, соның ішінде және рухани-діни құндылықтарды қайтару процесі байқалады. Қазақстанда мыңдаған діни бірлестіктер құрылып, теологиялық оқу орындарының қызметі дамып келеді, сондай-ақ қайырымдылық қызметі де кеңейіп келеді. Мысалы, егер 1989 жылы елде 20 конфессияның 671 діни бірлестігі жұмыс істесе, содан кейін 1995 жылы олардың саны 1180-ге жуық ұйым болатын 30 конфессияны құрады, яғни 6 жыл ішінде бірлестіктердің жалпы саны 2 есеге жуық өсті (ал Алматы бойынша — 3 есе) [4, 297]. Мешіттер санының өсуі де байқалады, 1989 жылға қарай Қазақстанда 50-ге жуық мешіт жұмыс істеді, ал 2001 жылға қарай 1440-тан астам мешітке дейін өсті. Бұлардан біз ислам дінінің және оның ықпалын мешіттер санының өсуі арқылы көріп отырмыз. 1991 жылға дейін Қазақстанда бірде-бір діни оқу орны болмаған, бүгінде олардың саны онға жуық, соның ішінде Алматы қаласындағы «Нұр» Ислам университеті бар.

1988 жылдан 1998 жылға дейін республикада діни бірлестіктердің саны 671-ден 2100-ге дейін, яғни үш есеге, оның ішінде ислам бірлестіктерінің саны 46-дан 1000-ға дейін, яғни 20 есеге артқан [6, 4] (1 кесте).

К е с т е 1

Қазақстан Республикасындағы діни бірлестіктер (1989–1998)

Діни бірлестіктер	1989	1993	1995	1996	1997	1998
Барлығы	671	977	1180	1503	1642	2100
Ислам	46	296	483	679	826	1000

Мешіттің ашылуымен халыққа діни базалық білім беру, араб тілі курстары, құран оқу және хадистерді түсіндіру мүмкіндігі пайда болды. Орта мұсылман білім Меркі, Семей, Шымкент, Алматы және т.б. қалаларда орналасқан медреселерде, ал жоғары білім «Нұр» Ислам университетінде қолжетімді болды. ҚМДБ көмегімен қазақстандық студенттер республикадан тыс жерлерде де жоғары білім ала бастады, 1995 жылы 100 студент Түркияға және 80 студент Египетке аттанды. Осылайша, өткен ғасырдың 90 жылдары Қазақстан аумағында исламның қайта өркендеуіне түрлі діни бірлестіктердің жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін либералдық діни заңнама, ҚМДБ құрылуы, биліктің ҚМДБ жұмысына жәрдемдесуі, оның ішінде исламтану саласында маманданған отандық кадрларды даярлау мақсатында ислам қорларымен, жоғары оқу орындарымен байланыс орнату сияқты факторлары да әсерін тигізді.

Елде 1990-шы жылдардың басынан бастап мешіттер санының артып келе жатқанын төмендегі кестеден көруімізге болады (ресми түрде тіркелгені). Егер 1991 жылы олардың саны — 68 болса, 2000 жылы — 1652-ге жеткен, бұл исламдық жанданудың белгілі бір көрінісін көрсетеді. Кестеден байқағанымыздай, 25 жыл уақыт ішінде мешіттер саны 37 есеге артқан және де ең үлкен өсім 2011 жылға сәйкес келетінін көріп отырмыз. Алайда, 2011 жылы қабылданған «Діни қызметтер мен діни бірлестіктер» туралы Заңның қабылдануымен көптеген мешіттер жұмыстарын қайта қалпына келтіре алмай, ҚМДБ құрамында қалды [2, 25] (кесте 2).

К е с т е 2

Қазақстандағы мешіттердің санының өсуі

1991	2000	2011	2012	2015	2016
68	1652	2756	2228	2458	2516

Жоғарыда айтылғандай, қазақтардың діни өткенінің стереотиптері негізінен мұсылмандыққа қарсы менталдылыққа, халықаралық ғылыми байланыстардың болмауына және елдің ақпараттық блогының әлсіздігіне байланысты болды. Ресейдің өзінде және посткеңестік республикаларда жаңа тарихи жағдайларда сарапшылар дін тақырыбына, діннің этникалық функциясына, конфессиялық өткен мен рухани қарым-қатынас арасындағы байланысқа белсенді түрде жүгіне бастады.

Тәуелсіздік алғаннан кейін елдің Орталық Азия елдеріне, Түркия, Пәкістан және ислам дінін уағыздайтын араб елдерінен шетелдік миссионерлер ағылды. Өзбекстан және Тәжікстан шетелдік діни қозғалыстармен миссионерлік қызметті жүргізу үшін едәуір тартымды елдер болғанына қарамастан, Қазақстан да бұлардың бір үлесінен оның үлесін алды. Исламды сирек кездесетін жағдайларда ғана уағыздайтын миссионерлердің қызметі қазақстандық қоғамда оң бағаланды. Сонымен бірге, сол уақытта ресми діни институттардың беделінің төмендеп келе жатқаны шетелдік діни ұйымдардың енуіне және тиімді насихаттау қызметінің жасауына жағдай жасады [7].

Бүгінгі таңдағы діннің таралуына байланысты өзекті мәселе — сырттан келген қызығушылықтар болып табылады. Сыртқы фактордың әсері екі деңгейде байқалады: біріншісі — жүйелік әсер ету деңгейінде, мысалы, түрік лицейлері мен университеттері білім беру жүйесіне әсер етеді. Бұл ретте білім берудің өзі тәрбиемен, діни жүйе арқылы ажырамас байланыста жүзеге асырылады. Сондай-ақ, түркі топтарының жалпы сәйкестігі де өз рөлін ойнайды. Ал, екіншісі — әсер ететін күнделікті сана деңгейінде ол әр түрлі әлеуметтік топтар арқылы жүзеге асырылады (әртүрлі діни ағымдар мен қозғалыстар), олар негізінде сыртқы ортаға, сыртқы этно-мәдени құндылықтарға негізделген. Мысалға сол уақытта «Хизб ат-Тахрир», «Таблиғи жамағат», «Нұрчиелер», пир Исмагулланың ізбасарларының сопылық тобы сияқты әртүрлі мұсылман қозғалыстары мен ағымдарының пайда болуы бұған әсер етті [8, 70].

Осындай әрекеттерді бастаушылардың бірі Фетхулла Гүлен болды. Фетхулла Гүлен — діни ортада белгілі тұлға. Бұл Түркия азаматы түрік тілінде сөйлейтіндер арасында «Фетхуллаци» немесе «Гүленистер» деп аталатын үлкен қауымдастықтың жетекшісі. Осы тұлғаның үлкен «Діни және коммерциялық холдингі» әлем бойынша жүздеген мың адамды біріктіреді. Оның құрылымына көптеген түрлі қорлар, компаниялар, оқу орындары, бизнес-корпорациялар, баспа өнімдері кіреді. Өзінің рухани тәлімгері Саид Нурсидің көзқарастарын, атап айтқанда оның түсінігін, исламның таралу әдістерін шебер қолдана отырып, ол Ресейде, Орталық Азияда, сондай-ақ Қазақстанда танымал болды. Бүгінгі таңда Гүлен идеологиясы еліміздің аумағында уағыздау қызметінде белгілі бір жетістіктерге қол жеткізді. Ұйым құрылымдарының алға қойған жұмысының және олардың жолға қойылған жұмысының арқасында оның ізбасарлары үнемі өсіп келеді.

Халықаралық «Заман» газетін, 25-тен астам лицей, Сүлейман Демирел атындағы университет, яғни, республика бойынша 30-дан астам пансионатты Гүленистер өз мақсатына жету үшін шағын құрал ретінде қолданып келеді. Осыған ҚТЛ-ді (қазақ-түрік лицейлері) қаржыландыратын Қазақстан-Түрік қорын («КАТЕВ») қосуға болады. ҚТЛ-ге қатысты, қазір ол өзін дәлелдеді, яғни білім беру аренасында сапалы білім деңгейі бар мекеме ретінде және мектеп жасындағы балалар арасында бұл лицейге қабылдау өте беделді болып саналады.

Қазақстанда он жылдан астам уақыт бойы кейбір ислам елдерінің (атап айтқанда Түркия, Кувейт) қайырымдылық қорлары қаржыландырған пансионаттар қалыптасты және олар өз кезегінде қазақстандық балаларға ислам негіздерін үйретті. Діни-ағартушылық және білім беру қызметінің заңдылығын тексеру үшін прокуратура органдары уәкілетті мемлекеттік құрылымдармен бірлесіп, 2011 жылы 25 пансионаттар мен олардың 16 филиалында тексеріс өткізді. Тексеру нәтижесінде пансионаттар аз қамтылған отбасылардан шыққан және жетім балаларды қабылдайды және осы мекемелерді қаржыландыру демеушілік көмек есебінен жүзеге асырылған. Барлық пансионаттар аумақтық Әділет органдарында жеке қайырымдылық мекемелері ретінде тіркелген [9]. Алайда, 2016 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев пен Түркия Президенті Р.Т. Ердоғанның келісөздері нәтижесінде — Гүленнің әрекеттері әшкереленіп, оның исламдық теріс бағытты ұстанатыны белгілі болды. Осыдан кейін «қазақ-түрік» лицейлері — «Білім-инновация» лицейлері деп ауыстырылды [9].

Қазақстан Республикасының «Діни бірлестіктер және діни қайраткерлік туралы» Заңы бойынша бұл пансионаттар жұмысын тоқтатты, сондай-ақ оларға білім беру саласына араласуға шектеу қойылды. Соған қарамастан 25 жылға жуық Қазақстанда жұмыс жасаған бұл қорлар әсерінен қазақ жастары жақсы заманауи білім алды, алайда исламның білім алушылар арасында таралуына септігін тигізді. Сондай-ақ олардың көпшілігі гүленизм бағытын ұстанушылар болғандығы өкіндіреді.

Қазақстанның қазіргі кезеңдегі қоғамының дамуына тән ерекшеліктерінің бірі — діннің өмірдегі рөлінің тұрақты өсуі. Оның беделі мен мәртебесі артты, әлеуметтік функциялары кеңеюде. Сонымен бірге, бұл рухани жаңғыру процесінде анықталған және белгілі бір проблемалары да кездесіп отырады. Қазақстанға діни ағымдардың енуіне ықпал ететін жалған діни білім — экстремизм. Дәстүрлі емес діннің пайда болуы ортаға өз ықпалын тигізді. Бұл әсіресе, 1990-шы жылдардың басында біздің көптеген жастарымыз білім алу үшін шетелге кетті. Шет елде оқып жатқан жастарға сол жүрген мемлекетінің идеологиясына, тәртібіне, заңына бағынуға тура келді. Нәтижесінде, бұл жастар бір кездері басқа мемлекеттің идеологиясының әсерінен олар оны қабылдады, содан кейін сол ілімдер ықпал етті. Исламның үлкен тармағының бірі шиит пен ваххабит ағымдары біздің елімізге таралып, соның салдарынан түрлі секталар пайда болды. Олар жастардың және үлкендердің санасын улап, зардабын тигізді және көптеген адамдар зардап шекті.

Бұдан басқа 1990 жылдардың соңы мен 2000 жылдардың басында басқа да қайырымдылық қорлардың елімізде исламның таралуына септігін тигізді. Атап айтқанда, «Аль-Ихсан», «Дүниежүзілік мұсылман жастарының ассамблеясы», «Қазақстандағы Қызыл жарты ай қоғамы», «Әлеуметтік реформалар қоғамы» сияқты қайырымдылық қорлар жұмыс жасады. Осы аталған қорлар елімізде әлі жүйелі жұмыс жасауда. Мысалы, «Қазақстандағы Қызыл жарты ай қоғамы» 2013 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында салынуына 12,3 миллион доллар жұмсалған ірі мешіттердің бірінің құрылысына қатысқан [10]. Бұл қайырымдылық қорлардың қызметінің біздің елге көмек қолын созып жатқанын көріп отырмыз. Алайда, осы арқылы дінді таратып, ислам дінін ұстанушыларды арттыру мақсатында жасап жатқанын да байқауымыз керек.

Ал «Әлеуметтік реформалар қоғамы» 2005 жылы Қазақстан Республикасының Жоғары сотының шешімімен террористтік деп айыпталып, біздің елде тыйым салынды. Соған қарамастан, біздің елдегі азаматтарға бұлардың біршама ықпалы таралып кеткені де белгілі.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан елдің көпұлтты және көпконфессиялы екенін және басқа да объективті факторларды ескере отырып, өзін діни бірлестіктердің мемлекеттен бөлінген зайырлы біртұтас республика деп жариялады. Себебі, мемлекет пен дін бөлек. Яғни мемлекеттің қызметі азаматтық заң нормаларымен реттелінеді, бірақ дін істеріне араласпайды. Ал діннің қызметі өзіндік діни нормалармен сәйкестендіріледі, ол мемлекет жұмысына кіріспейді. Адам қандай көзқарас, қандай ағым немесе қандай сенім ұстанамын десе де өз еркі.

Исламның қазіргі даму тенденциялары Қазақстанда негізінен сыртқы факторлардың. Қазақстанда түрлі мағыналар болған жағдайда исламның ішінде бір-бірінен идеологиялық тұрғыдан ерекшеленетін көптеген қауымдастықтар пайда болады, исламдағы алуан түрлілік негізінен мыналармен байланысты: исламның догмалары мен өмір салтын түсіндіруді насихаттайтын шетелдік мұсылман ұйымдарының әрекеттері. Оқшаулау жеке ағымдарды құрайтын топтар діни қатынастардың бірыңғай қоғамдық институционализациясының қалыптасуына кедергі келтіреді. Көптеген ағымдар әр түрлі елдерде өз идеяларын экспорттайды және олар өздерінің жақтастарын Орталық Азия республикаларында табады. Қалыптасқан алуан түрлілік Қазақстан исламы көп жағдайда шетелдік мұсылман ұйымдарының іс-әрекеттерімен байланысты.

Олардың діни догмалар мен имиджді түсіндіру өмірі әрқашан қазақстандық қоғамның сипатына сәйкес келмейді және білім алуға ықпал етеді. Мұсылман қауымының бірлігіне кедергі келтіретін өзінің рухани көшбасшылары мен ұйымдық құрылымы бар жеке топтар.

Қазіргі ислам дінінің ахуалы үшін Қазақстанда радикалды діни қоғамдастықтардың пайда болуы мен күшеюі, дәстүрлі емес орталықтар қызметінің жандануы, шетел азаматтарының ықпалының артуы миссионерлік қозғалыстар және сектанттық ұйымдардың әлеуметтік базасын кеңейтілуі — өзекті мәселе болып табылады және де ол жастар есебінен жүзеге асырылып отыр. Сонымен қатар, деструктивті секталар мен жаңа буын культтарының қызметінің күшеюі да алаңдаушылық тудыруда.

Деструктивті секталар мен культтер белгілі психологиялық зиян келтіреді, әсіресе жастардың нәзік санасына әсер етіп, оның әдеттегі діни бағытын өзгертеді және өскелең ұрпақтың қалыптасқан этникалық және діни құндылықтар жүйесін бұзады. Сол себептен исламның «теріс» ағымдарының

таралуы және оның «теріс» ағымда екенін жастардың білмеуі — исламның қайта жандануының әлсіз жақтарын көрсетіп отыр.

Елдегі діни қызметтің қазіргі институционализациясы, бірінші кезекте, 1992 жылғы 15 қаңтардағы «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңның қабылдануымен есте қалды [11], кейіннен «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заң ретінде толықтырылды және қабылданды (2011 жылғы 11 қазан) [12]. Көптеген сарапшылардың пікірінше, «Дін туралы» Заң (15.01.1992 ж.) тым либералды болды, көптеген деструктивті секталар мен дәстүрлі емес конфессияларға зайырлы Конституциялық мемлекеттің негізін бұзатын идеялардың агрессивті діни экспансиясы саясатын ашық жүргізуге мүмкіндік берді. Қазіргі заң, көпшіліктің пікірінше, бұрынғыға қарағанда анағұрлым толық формаға ие, бірақ сонымен бірге жұмыс істеуді қажет етеді, атап айтқанда, осы Заңның 7-бабында айтылғандай, «Діни рәсімдер мен рәсімдер қызу пікірталас тудырады, онда мемлекеттік мекемелерде діни рәсімдерді өткізуге тыйым салынады». Саясаттанушы Т.А. Козыревтің айтуынша, заң жобасының бұл тармағы діни рәсімдерді ресми түрде шектейді, іс жүзінде ол тек өзінің бағыты бойынша антиисламға айналуы мүмкін және тек мұсылмандарға әсер етуі мүмкін, оны тиісті түрде сенушілер қабылдайды [13].

Бірақ, жоғарыда айтылғандарға қарамастан, жаңа заңның жағымды жақтары да жеткілікті. Көпшіліктің пікірі бойынша — бұл оның преамбуласы ғана емес, басымдықтары нақты белгіленген. Мысалы, заңның кіріспесінде былай делінген: «Осы Заң Қазақстан Республикасын демократиялық, зайырлы мемлекет ретінде орнықтыратынын растайды, әркімнің ар-ождан бостандығы құқығына кепілдік береді, діни нанымына қарамастан әркімнің теңдігін құрметтейді. Ханафи бағытындағы исламның тарихи рөлін мойындайды.

Елдегі ислам дінін реттеудің тағы да бір қадамы Қазақстан Мұсылмандары Діни басқармасының (ҚМДБ) құрылуы болды. ҚМДБ — Қазақстан мұсылмандарына діни-руханияттық басшылық жасайтын республикалық бірлестік. Ол еліміздегі ең үлкен және ықпалды Қазақстан мұсылмандарының көп бөлігін біріктіретін діни үкіметтік емес ұйым. ҚМДБ төрағасы — Бас мүфти жалпы жиналыста сайланады. Бұл ретте Бас мүфтидің кандидатурасы Ақ Ордамен келісіледі. 1990 жылы КСРО-ның құрамында болған 4 ірі ислам діни басқармасының бірі — Орталық Азия діни басқармасы (САДУМ). Қазақстан мұсылмандарының діни қызметін реттеуде және елдегі тұрақтылықты қолдауда ҚМДБ өте маңызды рөл атқаруда. Сондықтан ҚМДБ барлық өкілдері тұрақты қатысушылар болып табылады, сондай-ақ олардың қызметі ҚР Үкіметінің комитеттері мен жұмыс топтарымен, республиканың діни немесе өзге де қоғамдық қызметімен тығыз байланысты және елдегі мұсылман қызметіне сәйкес барлық бастамалардың барлығы ҚМДБ тарапынан келісіледі, және ол мұсылман қауымдары мен мемлекет арасындағы делдал қызметін атқарады.

Қорытынды

Қорытындылай келгенде, қазіргі кезеңдегі Қазақстан дамуының ерекше сипаттарының бірі қоғам өміріндегі ислам дінінің рөлінің күннен күнге арта түсуі болып табылады. Оның беделі мен мәртебесі арта түсуде, әлеуметтік қызметі кеңейуде, діндарлар мен ислами діни бірлестіктердің саны көбеюде. Сонымен қатар, рухани қайта өрлеу үрдісінде Қазақстан бұрын кездеспеген белгілі бір мәселелердің бетін ашты. Республикада көп конфессионалды кеңістік қалыптасты және оның құрамына мемлекетіміз үшін дәстүрлі болып табылатын сенімдегі ислам діни бірлестіктерімен бірге елімізде бұрын кездеспеген діни қозғалыстардың дәстүрлі емес жаңа ұйымдары да кірді. Сондай-ақ Қазақстанға діни экстремизмнің енуіне ықпал ететін, деструктивті және тоталитарлық бағыт танытатын жалған діни ұйымдарда пайда бола бастады.

Мақалада біз Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы исламның рөлін қарастырдық. Қазақстанда діннің мемлекеттен бөлінгеніне қарамастан, эксперттер мен бақылаушылар бұл принциптің қайшылықтарын байқап отыр. Олардың ойынша, таза зайырлы мемлекетті жүзеге асыру қиын. Оны мұсылмандардың Құрбан айт мерекесінің ресми түрде аталып өтілуінен және 7 қаңтардағы Православиелік Рождество мерекесінің демалыс күн ретінде бекітілуі көрсетеді. Соған қарамастан біз қаншалықты мұсылмандық умманың бір бөлігі болғанымызбен, зайырлылықты ұмытпауымыз қажет. Мемлекеттің зайырлылық сипаты — бұл Қазақстан Республикасының сәтті дамуына ықпал ететін күш.

Әдебиеттер тізімі

1 Хилленбранд К. Крестовые походы. Взгляд с Востока: мусульманская перспектива / К. Хилленбранд. — СПб.: Изд-во «ДИЛЯ», 2008. — 672 с.

2 Ногойбаева Э. Центральная Азия. Пространство «шелковой демократии». Ислам и государство / Э. Ногойбаева. — Алматы, 2017. — 52 с.

3 Казахстан возвращает своих студентов [Электронный ресурс]. — Режим доступа: http://total.kz/politics/2013/06/17/kazakhstan_vozvrashaet_svoih_stu.

4 Yermukhanov M. Will Kazakhstan Authorities Avoid Extremist Pitfall? / M. Yermukhanov // China and Eurasian Forum Quarterly. — 2006. — Vol. 4, No. 2.

5 Колесников Л.Ф. Современная религиозная ситуация в Республике Казахстан: реалии и перспективы независимого развития / Л.Ф. Колесников, А.И. Артемьев. — М.: РИСИ, 1995. — 316 с.

6 Иванов В. Религии Казахстана: Справочник / В. Иванов, Я.Трофимов. — Алматы, 1999. — 139 с.

7 Omelicheva M.Y. Islam in Kazakhstan: a survey of contemporary trends and sources of securitization / M.Y. Omelicheva. — Central Asian Survey / University of Kansas, Lawrence, USA. — Published online: 24 May 2011.

8 Отчет о научно-исследовательской работе «Современные мусульманские движения и течения в Центральной Азии и в странах Востока: исторические корни, идеологические и политико-правовые основы» (заключительный) // Инв. № 0205РК00905. — Шифр программы: Ф.0277. — 198 с.

9 Нашествие молодых «шейхов»: как исламское образование в Казахстане поставили на контроль [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://news.invest.kz/24534413-s-isabaeva-nashestvie-molodyh-sheyhov-kak-islamskoe-obrazovanie-v-kazahstane-postavili-na-kontrol>.

10 Казахско-турецкие лицеи переименуют [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://www.inform.kz/ru/kazahsko-tureckie-licei-pereimenuyut_a2959897.

11 Закон Республики Казахстан «О противодействии экстремизму» [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30004865.

12 Закон Республики Казахстан «О свободе вероисповедания и религиозных объединениях» [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1000934.

13 Козырев Т. «Родина или Бог?» [Электронный ресурс]. / Т. Козырев. — Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31055848&pos=15.

Р.М. Жумашев, Ш.А. Садвокасов

История возрождения ислама в Республике Казахстан

В этом году исполняется 30 лет с момента обретения Независимости Казахстаном. До этого в течение 70 лет Казахстан был одной из тех стран, которые пострадали от жесткой политики Советской власти. Особо пострадавшей сферой в республике можно считать религиозную политику. Из-за Советской власти, которая проповедовала атеизм, в нашей стране утвердилась массовая религиозная безграмотность. Несмотря на то, что наше государство является светским, с каждым днем растет роль ислама и приверженцев этой религии. В настоящей статье мы рассмотрим историю возрождения ислама в Республике Казахстан с 1991 года до наших дней.

Ключевые слова: Республика Казахстан, ислам, возрождение ислама, светское государство, религия, религиозная политика, формы бытования.

R.M. Zhumashev, Sh.A. Sadvokassov

The history of revival of Islam in the Republic of Kazakhstan

This year marks the 30th anniversary of the receipt of the Independence of Kazakhstan. Prior to that, for 70 years, Kazakhstan became one of those countries that suffered from the tough policy of the Soviet regime. One of the most affected areas can be considered religious politics. Because of the Soviet government, which preached anti-religiousness in our country, religious illiteracy was established. Despite the fact that our country is secular, the role of Islam and the adherents of this religion is growing every day. In this article, we will look at the history of the revival of Islam in the Republic of Kazakhstan from 1991 to the present day.

Keywords: Republic of Kazakhstan, Islam, Revival of Islam, secular state, religion, religious policy, forms of existence.

References

1 Khillenbrand, K. (2008). Krestovye pokhody. Vzgliad s Vostoka: musulmanskaia perspektiva [Crusades. View from the East: A Muslim Perspective]. Saint Petersburg: Izdatelstvo «DILIA» [in Russian].

2 Nogoibaeva, E. (2017). Tsentralnaia Aziia. Prostranstvo «shelkovoii demokrati». Islam i gosudarstvo [Central Asia. The space of “silk democracy”. Islam and the state]. Almaty [in Russian].

- 3 Kazakhstan vozvrashchaet svoikh studentov [Kazakhstan returns its students]. Retrieved from tal.kz/politics/2013/06/17/kazakhstan_vozvrashchaet_svoih_stu [in Russian].
- 4 Yermukhanov, M. (2006). Will Kazakhstan Authorities Avoid Extremist Pitfall? *China and Eurasian Forum Quarterly*, 4, 2.
- 5 Kolesnikov, L.F., & Artemev A.I. (1995). *Sovremennaiia religioznaia situatsiia v Respublike Kazakhstan: realii i perspektivy nezavisimogo razvitiia* [The modern religious situation in the Republic of Kazakhstan: realities and prospects of independent development]. Moscow: RISI [in Russian].
- 6 Ivanov, V., & Trofimov, Ya. (1999). *Religii Kazakhstana: Spravochnik* [Religions of Kazakhstan: A Reference Book]. Almaty [in Russian].
- 7 Omelicheva, M.Y. (2011). *Islam in Kazakhstan: a survey of contemporary trends and sources of securitization*. Central Asian Survey: University of Kansas, Lawrence, USA.
- 8 Otchet o nauchno-issledovatel'skoi rabote «Sovremennnye musulmanskie dvizheniia i techeniia v Tsentralnoi Azii i v stranakh Vostoka: istoricheskie korni, ideologicheskie i politiko-pravovye osnovy» (zakliuchitelnyi) [Report on the research work “Contemporary Muslim movements and trends in Central Asia and the countries of the East: historical roots, ideological and political and legal foundations” (final)]. No. 0205PK00905. — Shifr programmy – Program code: F.0277 [in Russian].
- 9 Nashestvie molodykh «sheikhov»: kak islamskoe obrazovanie v Kazakhstane postavili na kontrol [The invasion of young “sheikhs”: how Islamic education in Kazakhstan was brought under control]. Retrieved from <https://news.vest.kz/24534413-sisabaeva-nashestvie-molodyh-sheyhov-kak-islamskoe-obrazovanie-v-kazakhstane-postavili-na-kontrol> [in Russian].
- 10 Kazahsko-turetskie litsei pereimenuiut [Kazakh-Turkish lyceums will be renamed]. Retrieved from https://www.inform.kz/ru/kazahsko-turetskie-licei-pereimenuiut_a2959897 [in Russian].
- 11 Zakon Respubliki Kazakhstan «O protivodeistvii ekstremizmu» [Law of the Republic of Kazakhstan “On Countering Extremism”]. Retrieved from https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30004865 [in Russian].
- 12 Zakon Respubliki Kazakhstan «O svobode veroisповедaniia i religioznykh obedineniiakh» [Law of the Republic of Kazakhstan “On freedom of religion and religious associations”]. Retrieved from https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1000934 [in Russian].
- 13 Kozyrev, T. «Rodina ili Bog?» [Motherland or God?]. Retrieved from https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31055848&pos=15 [in Russian].